

**Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттар үшін Мақат ауданы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 36 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаменті Мақат ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 02 наурызда № 4-7-124 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімінің аппараты Мемлекеттік мекемесінің 2013 жылғы 20 маусымдағы № 177 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімінің аппараты Мемлекеттік мекемесінің 20.06.2013 № 177 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағы негізінде, аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Аудандық аумақтық сайлау учаскелік комиссиясының келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген талаптар мен тәртіпке сәйкес келісім шарт негізінде, Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттар үшін сайлаушылармен кездесуге үй-жайлар бөлінуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімі аппаратының басшысы **П. Хасановқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі және міндетті түрде ресми жариялануға жатады.

Аудан әкімі **Қ. Қайненов**  
Аудан әкімдігінің

2011 жылғы 1 наурыздағы  
№ 36 қаулысына 1 қосымша

